

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Жер физикасы

Жаңа сөздерді оқып есте сақтаңыз сөз тіркестерін құрастырыңыз

- ▶ Күн жүйесі – солнечная система
- ▶ Адамзат – человечество
- ▶ Серік - спутник
- ▶ Қасиеттер – свойства
- ▶ Жер қойнауы – недра земли
- ▶ Ауырлық – гравитация
- ▶ Бедер – рельеф
- ▶ Ішкі және сыртқы күштер –
внутренние и внешние силы

Мәтінді оқыңыз

Жер — Күн жүйесіндегі Күннен әрі қарай санағанда үшінші ғаламшар адамзаттың тіршілік ететін бесігі. Жер эллипстік (дөңгелекке жуық) орбита бойымен 29,765 км/с жылдамдықпен 149,6 млн. км орташа қашықтықта 365,24 орташа күн тәулігі ішінде Күнді бір рет айналып шығады. Оның табиғи серігі — Ай. Геофизика — Жердің ішкі құрылысын, физикалық қасиеттерін және оның қатты, сұйық, газ қабаттарында өтетін құбылыстарды зерттейтін ғылымдар жиынтығы

- ▶ Жер қойнауының физикасы (Жердің ішкі бөліктерінің физикасы мен оның құрылысы туралы ілім); сейсмология (жер сілкінуді зерттейтін ілім); гравиметрия (жер бетіндегі ауырлық күшінің өрісі туралы ілім); жер бетінің көтерілуі туралы ілім (құрлық, теңіз, мұхиттар беткейінің Ай мен Күннің тарту күші әсерінен көтерілуі, тасуы туралы); Жер қабығының қазіргі уақыттағы қозғалыстары туралы ілім де кіреді. Геофизика геология, геодезия, география, геохимия, физика және астрономия сияқты ғылымдармен тығыз байланыста дамиды.

- ▶ Сондай-ақ, Жердің терең қойнауларын зерттей отырып, Геофизика геологиямен бірге Жердің пайда болуы мен даму тарихын да анықтайды.
- ▶ Ішкі және сыртқы процестердің өзара байланысы Жер бедерін қалыптастырады. Жер бедерін түзуші факторларға Жер бетіндегі ауырлық күшінен туатын гравитациялық процестер, Жер – Күн – Ай жүйесінің өзара тартылыс күштері де әсер етеді. Ішкі күштер Жер бедерінің басты элементтерін түзеді, ал сыртқы күштер оларды бұзып өзгертеді.

Сұрақтарға ауызша жазбаша жауап беріңіздер

- ▶ Геофизика дегеніміз не?
- ▶ Ішкі және сыртқы процестердің өзара байланысы нені қалыптастырады ?
- ▶ Ішкі күштер не түзеді?
- ▶ Жердің табиғи серігі?

Сөздерді сәйкестендіріңіздер

Күн	ғаламшар
Үшінші	жүйесіндегі
Жер қойнауының	процестер
Ішкі және сыртқы	ауырлық күші
Жер бетіндегі	физикасы
Жер – Күн – Ай жүйесінің	Басты элементтері
Жер	өзара тартылыс күштері
Жер бедерінің	қабығы

**Берілген сурет бойынша екі – үш сөйлем
жазыңыздар**



Берілген сөйлемдерді аударыңыздар

Жер



Жер — Күн жүйесіндегі
Күннен әрі қарай
санағанда үшінші
ғаламшар адамзаттың
тіршілік ететін бесігі.
Оның табиғи серігі – Ай.
Ай Жерді 384000 км
орташа қашықтықта
айналады. Жер Күнді
айналып жүрген 9
планетаның ішінде
мөлшері мен массасы
бойынша 5 орында. Жердің
массасы $5,975 \cdot 10^{21}$ т

Берілген сөйлемдерді толықтырыңыздар


- ▶ Жер эллипстік (дөңгелекке жуық) орбита бойымен 29,765 км/с жылдамдықпен 149,6 млн. км орташа қашықтықта
-

- ▶ Геофизика геология, геодезия, география, геохимия, физика және астрономия
-



► **Мәтіннен сан есімдерді теріп
жазыңыздар**

Сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз



Тапсырмалар

- ▶ Мәтін бойынша төрт – бес сұрақ дайындаңыздар
- ▶ Мәтінді аударыңыздар
- ▶ Мәтінді қысқаша мазмұндаңыздар